

Жас келсе, іске!

Мемлекеттік бағдарлама аясында жас маман баспаналы болды



Дипломмен ауылға

Бүгінгі таңда жастарға аса көңіл бөлінуде. Жастарымыздың жағдайын жақсартатын түрлі бағдарламалар қазіргі таңда молынан қарастырылған. Сондай бағдарламаның бірі және бірегейі «Дипломмен ауылға».

Біраз жылдардан бері аталмыш бағдарлама жүзеге асырылып, жастардың баспаналы болуына септігін тигізуде. Бағдарлама аясында жастарымыз ауылда еңбек етуге ниеттеніп, ауылдарда жас мамандардың саны артуда.

Біздің ауданымызда да ауылда еңбек етіп, бағдарлама аясында баспаналы болған жас мамандар бар. Сондай жас маманның бірі Иса Мусинов.

Иса Бағдатұлы Меңдіқара ауданының Төлеңгіт ауылында туған. Төлеңгіт негізгі мектебін аяқта-

ғаннан кейін, Қостанай гуманитарлық колледжіне оқуға түседі. Жастайынан ұстаз болуды қалаған Иса Бағдатұлы, қазақ тілі және қазақ әдебиеті мамандығын таңдаған көрінеді.


Студенттік шақта дебаттық турнир, спорттық шаралар мен байқауларға белсене қатысқан. Жастайынан музыкаға жақын болған Иса, ән байқауларына да қатысқан екен.

Қолына дипломын алғаннан кейін, еш ойланбастан өзінің еңбек жолын туған ауданында бастаған.

Қазіргі таңда Иса Мусинов аудандық Тілдерді оқыту орталығында қызмет атқарады. Жас болса да, түрлі байқауларда өзінің бағын сынап, тәжірибе жинақтауда.

Орталықтың аудан халқына берері мол екенін және ауқымды жұмыс атқаратыны бәрімізге мәлім. Елеулі еңбек жасап, тілдерді оқытуды жүзеге асырып келеді. Тілдерді оқыту мен қатар түрлі мағыналы шаралар ұйымдастырып, нәтижелі еңбек атқаруда.

Тәлімгерің мықты болса, бәйгеден оза шабарың да анық. Жас маманға жол сілтеп, бағыт-бағдар берер



Мақсаты мен арманы асқақ - Иса Мусинов

тәлімгерлері бар. Орталық басшысы Алмагүл Бірманова әркез өз әріптестеріне қолдауымен бірге, дұрыс бағыт көрсетуде. Исаның да жан-жақты болып, тәжірибе жинақтауына септігін тигізуде.

Жақында аудандық тілдерді оқыту орталықтарының мемлекеттік тіл оқытушылары арасында Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай өткізілген «Тіл – менің тағдырым» атты байқауда бас жүдені қанжығасына байлаған көрінеді. Бұл жас маман үшін үлкен мақтаныш.

Еңбек жолымды өзімнің туған жерімде бастағанды жөн көрдім. Еш өкінбеймін. Бүгінде өз елімде еңбек етіп келемін. Қатарымнан қалмай еңбек етуге тырысудамын.

Білгенімнен үйренерім көп. Әркез дұрыс жол сілтеп, білмегенімді үйретіп, қолдаушыма айналған әріптестерім бар. Әркез адал еңбек етуді үйреткен Алмагүл Алданышқызына шағсіз ризашылығымды білдіремін. «Ұстазы жақсының, ұстамы жақсы» деген осы болар. Үлгі мен өнеге көрсететін әріптестерім мен тәлімгерің болса,

кедергісіз еңбек етуге болады, - дейді жас маман Иса Мусинов.

Иса ауылға келіп еңбек еткеніне еш өкінбейтін көрінеді. Қазіргі таңда бағдарламаның арқасында өз баспанасына қол жеткізіп, қуанышы еселенді. Бүгінде жас маман өз шаңырағының иесі. Жақында шаңырағының берекесін келтіретін Ақжан атты арумен шаңырақ көтерді.

Мемлекет жастарға үлкен мүмкіндік беруде. Мен сол мүмкіндікті пайдаланғанды жөн санадым. Бүгінде үйлі болдым. Өзімдей жас мамандарға айтарым, ауылға келіп еңбек еткенің еш қиындылығы жоқ. Керісінше, қолдау, жаны жайсаң адамдар ауылдан табылады дегім келеді. Жасап жатқан еңбегім көңілімнен шығуда, - дейді біздің кейіпкеріміз.

Мемлекет тарапынан үлкен қолдауға қол жеткізген Исаның алаға қойған мақсаты айқын, арманы асқақ. Ең басты мақсаты – адал еңбек есең еңбек атқару. Исаның алға қойған мақсатына қол жеткізуіне тілекшіміз.

Тұрсынай МҰХТАРҚЫЗЫ